

Кожабаета Д., Омаров Т., Сапарбаева К., Кажиақбарова Р., Курбанов А.

АСКАР АЛТАЙ ЧЫГАРМАЧЫЛЫК ДҮЙНӨСҮ

Кожабаета Д., Омаров Т., Сапарбаева К., Кажиақбарова Р., Курбанов А.

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ

Кожабаета Д., Омаров Т., Сапарбаева К., Кажиақбарова Р., Курбанов А.

ТВОРЧЕСКИЙ МИР АСКАРА АЛТАЯ

D. Kozhabayeva, T. Omarov, K. Saparbayeva, R. Kazhiakbarova, A. Kurbanov

THE CREATIVE WORLD OF ASKAR ALTAI

УДК: 82.02:821.512.122-3 (574)

Макалада эгемендүүлүк доорундагы көрүнүктүү жазуучулардын бири Аскар Алтайдын чыгармачылык дүйнөсү, анын көркөмдүк өзгөчөлүктөрү тууралуу сөз болот. Жазуучунун чыгармаларында азыркы замандын маңызы, руханий дөөлөттөрдү даңазалоо, сүрөтчүнүн дүйнө таанымынын кеңдиги, руханий жана материалдык маданияттарга жетүү мүмкүнчүлүгү баяндалат. Аскар Алтайдын пейзаж живописиндеги чеберчилиги жана постмодернизмге өзгөчө көңүл бурууга арзыйт. Жазуучунун декабрь окуясына арналган «Сибирь офицери» жана «Прописка» аттуу эки эмгеги кеңири талдоого алынган. Повестте декабрь окуясына катышкан каармандарды көркөм чагылдыруу чеберчилиги сөз болот. Жазуучунун илимий рецензиялары да каралат. Макаланын актуалдуулугу Аскар Алтайдын декабрь окуясынын темасына арналган эки чыгармасына сюжеттик-композициялык салыштырма талдоо жүргүзүүдө жана жазуучунун сын-пикирлерин бир макалага бириктирүүдө.

Ключевые слова: адабият, чыгармачылык, эгемендүүлүк доору, декабрь көтөрүлүшү, постмодернизм, психологиялык параллелизм, пейзаж.

Макалада тәуелсіздік кезеңіндегі көрнекі жазуучулардын бири Аскар Алтайдын шыгармашылык әлемі, оның қаламгерлік ерекшеліктері сөз болады. Жазушының көркем туындыларында заман көрінісін суреттеудегі болмысы, рухани құндылықтарды насихаттауы, суреткердің дүниетанымының кеңдігі, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуі айтылады. Аскар Алтайдың пейзаж жасаудағы шеберлігі, постмодернистік сарыны ерекше айтылады. Жазушының Желтоқсан оқиғасына қатысты жазылған екі шығармасы «Сібір офицери», «Прописка» әңгімелері жан-жақты талданады. Әңгімелердегі Желтоқсан оқиғасына қатысушы кейіпкерлердің оқиға салдарынан сергелдеңге түсуін көркем жеткізу шеберлігі қарастырылған. Сонымен қатар қаламгер жөніндегі зерттеу пікірлерге де шолу жасалынған. Макаланың өзектілігі Аскар Алтайдың Желтоқсан оқиғасы тақырыбына арналған қос шығармасының сюжеттік-композициялық тұрғыда салыстыра талдануында және жазушы туралы сын-пікірлердің бір мақалаға топтастырылуында болып отыр.

Кілт сөздер: әдебиет, шыгармашылық, тәуелсіздік дәуірі, желтоқсан көтерілісі, постмодернизм, психологиялық параллелизм, пейзаж.

В статье раскрывается творческий мир Аскара Алтая, одного из самых ярких писателей периода независимости, и его художественные особенности. Рассказывается о сущности современного мира в произведениях писателя, пропаганде духовных ценностей, широте мировоззрения художника, уме-

нии дотянуться до духовной и материальной культур. Особо отмечено мастерство Аскара Алтая в художественном воплощении пейзажа и в стиле постмодернизма. Подробно анализируются два рассказа автора о декабрьских событиях: «Сибирский офицер» и «Прописка». В статье рассматриваются мастерство художественной передачи страдания героев-участников декабрьского события и его последствия. Также дается обзор отзывов и исследований данного автора. Актуальность статьи заключается в сюжетно-композиционном сравнительном анализе двух произведений Аскара Алтая на тему декабрьских событий и консолидации критических отзывов писателя в одну статью.

Ключевые слова: литература, творчество, эпоха независимости, декабрьское восстание, постмодернизм, психологический параллелизм, пейзаж.

The article reveals the creative world of Askar Altai, one of the brightest writers of the period of independence, and his artistic features. The author's works tell about the essence of the modern world, the promotion of spiritual values, the breadth of the artist's worldview, the ability to reach spiritual and material cultures. The mastery of Askar Altai in the artistic embodiment of the landscape and in the style of postmodernism is particularly noted. Two of the author's stories about the December events are analyzed in detail: "Siberian officer" and "Registration". The article examines the skill of artistic transmission of the suffering of the heroes-participants of the December event and its consequences. An overview of the author's reviews and research is also given. The relevance of the article lies in the plot-compositional comparative analysis of two works by Askar Altai on the topic of December events and the consolidation of critical reviews of the writer into one article.

Key words: literature, creativity, the era of independence, the December uprising, postmodernism, psychological parallelism, landscape.

Тәуелсіздік кезеңінде ұлттық мәдениетте дәстүрлі ұлттық прозаның трансформациясы және ескі жанрлық канондар тұрғысынан баға беруге келмейтін мүлде жаңа көпдеңгейлі, көп өлшемді инновациялық ойлау формасы қалыптасты. Бүгінгі жазушы атанып үлгерген жас ұрпақ, жаңа толқын кешегі классиктердің буынынан тәлім ала отырып, жаңа заманға сай өзіндік ойлау жүйесі мен дәстүрлі классикалық жазу стиліне мүлде ұқсамайтын өзіндік мәнер-машығын ала келді. Солардың бірі – Аскар Алтай.

Аскар Алтай деген әдеби лақап атпен танымал Алпысбай Аскар Құмарұлы Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласының тумасы. Оның балалық шағы

мен жастык шағы Алтайдың ең көрікті жерлерінде өтті. Туған жердің табиғаты мен адамдары оның шығармашылығындағы бейнелерге, тақырыптар мен идеялардың сарқылмас қайнар бұлағына айналды. Асқар Алтайдың «Дегелендегі жарылыс», «Прописка», «Кентавр» әңгімелері мектеп бағдарламасына, көптеген шығармалары жоғары оқу орындарының бағдарламасына енгендіктен оқырман қауымға кеңінен таныс. Англияның астанасы Лондондағы «Альбион» журнал-альманағында тоғыз әңгімесі орыс тілінде, бір әңгімесі Түркияда және басқа түркі тілдес елдерде аударылып басылған.

Асқар Алтай бүгінде қалың оқырманға ертеректе жазылған «Қыр мен қала хикаялары» әңгімелер жинағы, «Қызыл бөлтірік» повесі, «Алтай балладалары» миф-романы, «Казино», «Киллер сауысқан» әңгімелер жинағы, соңғы жылдары жазылған «Сират», «Туажат» романдары арқылы кеңінен танымал.

Жазушы Асқар Алтай рухани құндылықтарды насихаттап, әлемдік өнердің дамуына қосқан үлесі үшін Еуропа қоғамының Франц Кафка атындағы сыйлығымен марапатталып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді.

Жазушының әңгімелерінің көптеген сюжеттері ХХ ғасырдың соңғы онжылдықтары мен ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақстандық қоғамда орын алған әлеуметтік процестерді ашады. Оның шығармаларында көтерілген тақырыптар: біріншіден, адам мен қоғам, адам мен мемлекет арасындағы қатынастардың дамуы; екіншіден, осы «мәңгілік» тақырыпты кейіпкерлердің отбасылық және махаббат жағдаяттарымен байланыстыра отырып, әлеуметтік және жеке мәселелер аясында ұсыну; үшіншіден, жазушы санасындағы ұлт қаһарманы бейнесінің шектеулі қалыпқа сыймауы.

Желтоқсан оқиғасы жазушы шығармашылығындағы ерекше тақырып. «Прописка», «Сібір офицері» әңгімелері тәуелсіздік жолының тауқыметін бейнелейді. Мысалы, «Пропискада» урбанизация тақырыбы мен Желтоқсан оқиғасының зардаптары өріліп берілген.

Оқиға Арқат есімді жігіттің басынан өткерген қиындықтарға негізделген. Дегенмен, бұл бір жігіттің ғана емес, бүкіл халықтың проблемасы. Оқиғаның сюжеті бойынша таулы Алтай арқылы қала мен ауылды байланыстыратын автобустың жолаушылары жолда тонып аязда қала жаздады. Ал бірнеше жолаушы мүлде жоғалған. Әңгіменің соңында «Арқат мырты аязын тітіркеніп қойды» [1, 308-б.] деп аяқтайды. Бірақ мұның бәрі аллегория. Автобус та, жолаушылар да.

«Аллегория (от др.-греч. ἀλληγορία – иносказание) - художественное представление идей (понятий) посредством конкретного художественного образа

или диолога. Как троп аллегория используется в стихах, притчах, моралите. Она возникла на почве мифологии, нашла отражение в фольклоре и получила свое развитие в изобразительном искусстве. Основным способом изображения аллегории выступает обобщение человеческих понятий; представления раскрываются в образах и поведении животных, растений, мифологических и сказочных персонажей, в неживых предметах, которые получают переносное значение» [2], деген анықтамаға сүйенсек, А.Алтай өз шығармасында аллегориялық тәсілдерді адам психологиясын ашуда сәтті пайдалана білген.

Автор әңгімесін Желтоқсанда із-түзсіз кеткендердің рухына бағыштаған. Автордың шығармашылығы жөнінде көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің толымды пікірлері мен толғамды ойлары бар. Солардың бірі Имамқазы Нұрахметұлы: «Асқар Алтайдың шығармашылығы туралы кеңінен айтуға болады. Біріншіден, таңдалған тақырыптардан жазушының ерекшелігін байқауға болады. Әдебиеттің негізгі объектісі – адам тағдыры. Бірақ өмірдің сол сәттерін, сезімдерін бейнелеу, оны қалай суреттеу – жазушының өз еркі. Сәтті образ жасау талантқа байланысты. Осы жағынан Асқар Алтай қазақи өмірге тән өзге жазушылар байқамайтын дүниелерді жиі жазады. Сол ұсақ, көзге көрінбейтін бөлшектерді әңгімелерінде шебер бейнелейді» деп баға береді [3].

«Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің кәрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған» [1, 299-300-бб.], деп басталатын шығарма, «Көкек келсе де наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай көк мұз» [1, 300-б.], деп жалғасады. Бас кейіпкер Арқаттың тағдырының тар жолы мен көктемнің бел ортасы болса да, көк мұзы жібімеген тау жолы мағыналық үйлесім табады.

«Көкек астанада күшіне еніп, қызуы қоламтадай жүз шарпығалы Алатаудың да биік бауырындағы қалың қар лас лайсаңмен апыл-құпыл аттанып кеткен еді ғой. Биыл биік Алтайдың басындағы ұшпа бөркі тұрмақ, етегіндегі жел қағып, қар тоқтамайтын тастақ қыраттары да наурыздың ақша қарын жамылып, самарқау жатыр. Сырбаз Алтай тәрізі көктемге жоннын бергісі жоқ» [1, 300-б.].

Алматы мен Алтайдың табиғатын салыстыра отырып, бір жағы пейзажды суреттеуіне тәнті болсақ, екінші жағынан табиғат суретімен үйлестіре желтоқсан оқиғасын астарлап берудегі жазушының көркемдік шешімінің бағасы арта түседі.

Пейзаждың көркемдік семаникасын арнайы зерттеген ғалым Б.Майтанов: «Табиғаттағы қарама

кайшы көріністердің шарпысуы аркылы жазушы табиғи эри виртуалды түрде әлемнің растылығы (реальность) мен жеке біреудің дүниені қабылдау қалпындағы субъективтілік заматтарын шынайы қамтиды. Қаламгер адам қайғысының психологиялық белгілерін ғана емес, қаһарман жанындағы ірі сілкіністің тән мен жүйкеге қатысты оқшау зардаптарын жағдай семантикасын ашуға пайдаланады» деп баға береді [4, 8-б.].

Төрт ай бойы сергелдеңге түсіп, құрдастары арасында «Сергелдең Сері» атанған Арқаттың паспортқа отыру мәселесін арқау ете отырып, Желтоқсан оқиғасының салдарын сөз етеді. «Бәрінен де төрт ай бойы сергелдеңге салынғанын айтсаңшы. Сол бір Желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да тыныш, құдағи да тыныш, Алматыға іргелес ауылына паспортқа отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдайы тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары армиядан «запастағы офицер» болып оралған мұны да қарыды ғой. Ақыры, астана түгілі, маңындағы өзі тұрған ауылға да тұрақтай алмады» [1, 300-б.], деп тағдырдан көрген теперішін айта келе, «Өкініш жоқ бірақ, көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейілеп ертіп барып тұрып қатысты. Таяқты да жеді... жегізді де! Көңілде ғана әлдеқандай алаң, шарасыздығына налу ғана бар» [1, 300-б.].

«Егделеу тартқан ер адам «Қап, қырсық шалды-ау! Мына күн қайтеді?» деп те елден ақ құла өкініш білдірді. Бірақ оның сөзін ешкім елеменгендей қосыла жөнелмеді. Мұндай құқайды талай көріп жүрген алтайлықтардың әдетінше тым-тырыс іштен тынған. Соған қарағанда, мына келе жатқан жолаушы бұл өңірдікі емес екені болмысынан білініп қалған. Әлгі адам жайсыз атқа отырғандай қопандап, үлкен-кіші көзіне шыққан сүйелдей тұрып кетіп, шофердің қасына барған. Шофер бірақ: «Отағасы, орныңызға отырыңыз» деп қайырып тастады» [1, 302 б.].

Шығармада басынан аяғына дейін Алтайдың ақ түтек боранымен қатар өріліп отыратын 1986 жылдың желтоқсанындағы дауылдың ызғары бар. Боранды бұзып жарып келе жатқан автобус толы адам, Колбиннің келуімен үйіріле соққан боранға қарсы шыққан жалынды жастардың символындай әсер қалдырады.

«Тыста суырып соққан жел қаңтардың аяғында қағынған бурадай бұрқырап, көлікті жүргізушіге айналған. ... Шофер Архат пен тағы бір жігітке автобустың алдын аршуды бұйырды. Ол екеуі лып ете түскен» [1, 302-303-бб]. деген сөйлемдер Желтоқсаншылар ел көшінің алдын кедергіден тазартушылар, ел болашағына жол ашушылар ретінде көрініс тапқан.

Өйткені, қызба да адал мінезді Арқат «...әйгілі Желтоқсанның жөні тіптен бөлек. Ол үшін өліп кетсең де арман жоқ. Қойша қамалып, тырнаша жұлынған, көк мұз алаңда жер жастанған қай жайсаң қызжігіттен жаның артық?!» деп Ауған соғысына өзі сұранып барғанына өкінсе де, бұл жолы армансыз. Өңгімені оқып отырып әлгі бір алас-күлес ақ түтектен атып шығып кеткен албырт азаматтар қайда жүр екен деген дерексіз ой оралды. Адасып кетер ме екен, әлде жол таба алар ма бұлыңғыр бұрқақта?! Өз атамекені ғой бірақ... деп сенсек те Желтоқсанда із-түзсіз жоғалғандардың саны қаншама?!

«Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол оқиғалық уақыттың өлшемі. Композициялық тұрғыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді. Шығарманың идеялық астарларына қатысты ол мінез танушылық міндеттер атқарады» [4, 8-б], деген ғалым Б.Майтановтың пікірне сүйенсек, А.Алтайдың «прописка» атты өңгімесінен пейзаждың осы үш қызметінің де сәтті қолданылғанын байқаймыз.

Кезінде Орыс халқының ұлы жазушыларының бірі А.П. Чеховта пейзаждың көркемдік қызметін жоғары бағалай келіп, шығармада табиғат көркем сурет дәрежесіне көтерілгенде ғана шын мәніндегі шынайы дүниеге айналатынын айтқан екен [5, 350-б.].

Ал С. Негимов әдебиеттану терминдер сөздігінде «Пейзаж әдеби шығармадағы жаратылыстың яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі. Жазушы әдеби шығармада көркем ойлаудың ажары ретінде, жаны есебінде образдық метафоралық жүйесінің арқауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады» [6, 267-б.] деген анықтама береді.

Жоғарыда айылған постмодернизм сарында жазылған «Сібір офицері» өңгімесі желтоқсан оқиғасын басқа қырынан айрықша суреттеген шығарма. Олай дейтініміз, осы тақырыптағы әдеби шығармалар елдегі орын алған тарихи оқиғаларды, оның салдарын, көтеріліске шыққан жастардың сергелдеңге түсуін, түрлі жазаға ұшырауын суреттесе (Т.Сәукетаев «Айқараңғысы», Б.Мұқай «Өмірзая», Д.Досжан «Алаң» т.б.), бұл өңгіменің ерекшелігі жалындаған жазықсыз жастарды аяусыз басып-жаншушы топ мүшесінің ішкі толғанысын суреттеуінде. Бас кейіпкердің ішкі толғанысын үшінші жақтан бере отырып, оның алаңдағы оқиға мен ормандағы оқиға арасындағы сюжетті нанымды суреттейді.

Өңгімеде негізгі арқау желтоқсан оқиғасы болғанмен, онда ұлтаралық мәселе, сатқындық, опасыздық тақырыптары қатар өріліп отырады. Жалпы, Желтоқсан тақырыбына жазылған көркем шығармалардан «Сібір офицері» өңгімесінің түрі мен пішіні, жазылу мәнері де бөлек. Мұнда да желтоқсан көтерілісінің себебінен гөрі салдары басым. Алайда Орыс

елінің тарихында ерекше орын алған 1825 жылғы декабристер көтерілісі мен 160 жылдан кейінгі қайталанған Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын рухани байланыстырған ерекше мотив бар. Жаңасібір қаласында әскери қызмет етіп жүрген Бурахан Алматыда бой көтерген осы оқиғаны басу үшін келген арнайы жасақтың құрамында ойламаған жерден тап болады. Басқа әңгіме, хикаяттарда негізінен оқиғаның куәгерлері, қатысушылардың қалай қудалауға түсіп жапа шеккендерін суреттесе, мұндағы жағдай мүлде басқаша. Жазушы мұнда қарусыз қайрат көрсеткен жастарды қанға бөктіріп, соңында өзін қалай ақтап аларын білмей тәлкекке түскен Бурахан тағдырын шеберлікпен суреттеген. Мұнда бас кейіпкердің көбіне іштей рухани жан азабына түскен кейпі басым суреттеледі.

Сонымен «Сібір офицерінде» алаңдағы қанды қырғынды мына бір абзацпен суреттейді: «Көк төріндегі түнгі ызғардан сүңгіленіп жеткен ұшақты Алматы тұнжырап қарсы алды. Мұздай қаруланған сұсты әскер Сібірдің суығын ала келгендей, жай күнде оңтүстіктің жылымығына жусайтын қала іші сақылдап тұр екен. Ұшақ табалдырығынан түскен бойда әскери көліктер күтіп алып, астаналық алаңнан бір-ақ шықты. Бұлар кешігіп жетіпті. Келген бойда қан-қасапқа қойды да кетті. Алаңның батыс жағынан түрегитен арнаулы әскер тобы офицерлер берген бұйрықты мүлтіксіз орындай бастады. Алаң толы өздері секілді өңшең өндірей жастардың қарусыз толқыны мен бастары қасқалы, қолдары резеңке келтекті, темір қалқанды, жамбастарында сапер күректері салпылдаған әскерилердің қарулы толқыны тіресе шарпысты. Арнаулы дайындықтан өткен жендет жасақ қалың нөпірді толқи иіріп, тұс-тұсынан иесіз қой табынындай үйіре бөліп, бөлшектеп алып, ер-әйел демей, бас-көз демес қатыгездікпен соққыға жықты. Бөрідей боп білек сыбанып кіріскенде, екі жағы да ашу-ыза мен тепкі соққы әсерінен жындары қозып, көздеріне қан толып кеткен еді» [7, 120-121-бб.].

Алаңдағы жан түршігерлік қатігездіктің соңын былай жеткізеді. «Адам баласының арасында болған оқсыз, бірақ арсыз қанды майдан түн ортасы ауа толас тапты. Алаң бетін жапқан ақ қар, көк мұз қанға шыланып, тамшылаған жасқа қатып қалды. Әр-әр жерде жаралы жандар, талықсыған тәндер жатты. Оларды да бұлар қасқыр тартқан малдай теріп алысты. Жергілікті тәртіп сақшылары топ-тобымен түн қойнына жытырып әкетті». [7, 121-б.]. Неткен трагедия, неткен жауыздық... әсіресе көз жасы мұз болып қатып, ол мұз қанға боялған көріністі көз алдына елестетудің өзі соншалықты ауыр.

Бас кейіпкердің ішкі толқынысы, тапсырманы санасыз орындай бермей, адами тұғырының биік екенін көрсетсе, өзіне берілер жазаның қалай боларын

сезсе де, тапсырмаға қарсы шығуы оның батылдығын көрсетеді. «Бураханның да жүрегі неше мәрте лоблып, неше мәрте беріштеніп, жан дүниесі астаңкестең болды. Желтоқсаншылардың жазықсыз жүзі, жалғансыз сөзі ойын оңға бөлді. Санасын да семсердей осып, жанын қоярға жер таппаған сәттерді де бастан кешті. Тіпті әлденені сылтауратып, 18 желтоқсан күні өз жауынгерлерінің жауырынына тығыла берді...» [7, 121-б.].

Жоғарыда сөз болған «Прописка» әңгімесінде мұнда да табиғаттың әсем көріністері бар. «Жаңасібір орманын шеберлікпен суреттей келе, «Табиғаттың ұйыған тыныштығы мен қысқы көріністің көз суарған сұлулығына бой алдырған Бураханды оқыс шықылықтаған сауысқан дауысы селт еткізді. Салқын да жайлы ауамен жайбарақат тыныстаған ол бойын жиып алды» [7, 131-б.] дейді.

Автордың «Киллер сауысқан» әңгімесіндегідей мұнда да сауысқан бар. Асқар Алтай шығармашылығында сауысқан үнемі өлім сәтін алдында ортаға шығады. Жазушы саналы түрде өз өмірін өлімге байлаған адамның соңғы сәтінде қасынан сауысқанның пайда болуын тегін алып отырған жоқ. Құстың жаманы Сауысқан екендігін Аяз би ертегісі арқылы да біз жақсы білетінбіз. Онда оның жамандығы Жаманның аузымен былайша берілмеуші ме еді:

– Құстың жаманы қырғауыл емес, оның қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біредудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы – сауысқан» деген Аяз бидің ханға берген жауабы ауыздан ауызға жеткен. «Құс жаманы сауысқан» деген ұғым осы ертегі арқылы ғасырларға жетіп жатқаны дана халықтың ол ұғымды растайтындығын көрсетсе керек [8, 46-б.]. Әңгіменің шешімінде сауысқан қонақтаған бір топ қайыңдардың бірінің қисық өскен бұтағының түбінде Бурахан офицерлерше жан тапсырады...

Себебі; «Кісенді қоғам зорлығын істепті. Аңқау офицер әмірлі биліктің құрбанына айналыпты: бұйрық - қатал... саясат - сайқал... Жазықсыз қолын жалалы етті. Енді аянар не қалды?!

Алдамшы өмір қорлығын істеді. Қылықты жар жымысқы жігіттің құшағына құлапты: әйел – сайқал... жігіт – жайыл... Жазықсыз жанын жаралы етті. Енді аялдар не қалды?! [7, 124-б.]. деген авторлық пайым көп нәрседен хабар береді.

Алаңға шыққан жас желтоқсаншылар жүйеге қарсылық білдірсе, Бурахан өз өлімі арқылы жауыздыққа қарсылық көрсетті. Жауыздыққа және орыс дворян әулетінен шыққан аксүйек болғандықтан,

«мен осыған қалай кез болдым» деп қазақтың жігітін өзінен төмен санайтын жары Александраның сатқындығына да қарсылық болатын. Демек, өзі қалтқысыз сеніп, адал қызмет еткен әскер де, жұбайы да оған сатқындық жасады. Бұндай екіжізділікке жаны таза Бурахан шыдай алмады.

Зерттеуші Г.Балтабаеваның сөзімен айтар болсақ, «Кейіпкер жанын жегідей жеген де, намысын жер қылған да желтоқсан. Бураханның көзін ашқан да, көңілін басқан да сол желтоқсан» [9, 52-б].

Қорыта келгенде көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымының кеңдігіне, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуіне, бір біріне жақындамайтын тегі басқа, тірлігі оқшау құбылыстарды орайластырып, жымдастыруға, алыс ұғым түсініктерді бір бірімен шебер қиюластырудағы жазушы қабілетіне тікелей қатысты екендігін ескеретін болсақ, онда жазушы Асқар Алтай осы қасиеттерді

бойына сыйдыра білген талантты жазушылардың бірі деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Асқар Алтай. Казино. Абсурд әлем новеллалары. - Алматы: «Атамұра» 2008. - 368 б.
2. Аллегория в литературе. <https://russkii>
3. Нұрахметұлы И: <https://adebiportal.kz/ru/news/view/19149>
4. Майтанов Б. Пейзаждың көркемдік семантикасы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2010. - 108 б.
5. Чехов А.П. Русские писатели о литературном труде.Т.3. - М., 1955. - 350 б
6. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. - Алматы: «Ана тілі», 1998. - 384 б.
7. Асқар Алтай. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. - Алматы: «Арда+7», 2013. - 400 б.
8. «Аяз би» ертегісі «Атамұра» баспасы басп. 2007. - 118 б.
9. Балтабаева Г. «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі» филология ғылым. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Диссертация. - Алматы, 2010.